

«Алматы облысы білім басқармасының Балқаш ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №2 Жамбыл атындағы орта мектебі мектепке дейінгі шағын орталығымен» мемлекеттік коммуналдық мекемесінің 2023-2024 оқу жылында жүргізілген психологиялық қызмет бойынша жұмыстардың талдау есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік-психологиялық жағдай жасау және білім беру үдерісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету;

Міндеттері:

1. ӘНХ, № 68, № 377, № 506 бұйрықтарды басшылыққа алу
2. Білім алушылардың репродуктивті денсаулығын және қауіпсіз мінез-құлқын қорғау
3. Білім алушылардың тұлғалы және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту қабілетерін қалыптастыру;
4. Баланың жас ерекшелігіне байланысты, әрбір даму сатысында тұлғалық, интеллектуалдық және кәсіби дамуын қамтамасыз ету.
5. Әрбір білім алушыға оның тұлғасын психологиялық-педагогикалық зерделеу негізінде жеке тәсілді қамтамасыз ету.
6. Интеллектуалдық және тұлғалық дамудағы ауытқушылықтардың алдын алу және түзету.
7. Психология ғылымының кейінгі жетістіктерімен таныс болып, өз іс-әрекетінде тек ғылыми негізделген әдістерді қолдануы керек.
8. Психологтың этикалық кодексін білуі керек және жұмыс барысында негізге алуы керек.
9. Әртүрлі деңгейдегі мектеп ұжымындағы тұлғааралық қатынастарға өз бақылауында ұстап, талдап, қажетті кезде түзету керек (мұғалім-әкімшілік, мұғалім-мұғалім, мұғалім-білім алушы, білім алушы-білім алушы).
10. Диагностикалық жұмыстың негізінде алынған мәліметтерді ешкімге жарияламауы керек.

I. Психодиагностикалық бағыты

Мақсаты:

- Білім алушылардың психикалық дамуын анықтау мақсатында психологиялық диагностикалау;
- Білім алушылардың бейімделуі, дамуы мен әлеуметтену мақсатында кешенді психологиялық тексеру;
- Білім алушылардың қабілеттілігі, қызығушылығы мен икемділігін психологиялық диагностикалау.
- Психологиялық диагностиканың қорытындысы бойынша психологиялық тұжырымдар мен ұсыныстарды дайындау.

II. Психологиялық кеңес беру бағыты

Мақсаты:

- Білім алушыларға, ата-аналар мен мұғалімдерге олардың сұранысы бойынша кеңес беру;
- Кәсіптік өзін-өзі айқындау проблемалары және қоршаған ортамен өзара қарым-қатынастар бойынша жеке және топпен кеңес жүргізу;
- Күйзелістік, жанжалдық, қатты эмоционалды күйзелістік жағдайда болып табылатын білім алушыларға психологиялық қолдау көрсету;
- Тұлғааралық және топаралық жанжалдарды шешуде делдалдық жұмыстарды ұйымдастыру;
- Әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

III. Түзету-дамытушылық бағыттар

Мақсаты:

- Жеке тұлғалық өсуге арналған тренингтер өткізу;
- Білім алушылар мен педагогтердің тұлғалық, интеллектуалдық эмоционалды-жігерлік, шығарма шылық даму үйлесімділігі бойынша психологиялық түзету және дамыту сабақтарын ұйымдастыру;
- Жанжалдық тұлға-аралық қатынастарды түзетуді жоспарлау.

IV. Психоағарту, алдын алу бағыты

Мақсаты:

- Білім алушылар мен педагогтердің өзін-өзі айқын-дауына, кәсіптік өсуіне ықпал ету;
- Білім алушылар бейімсіздігінің алдын-алу;
- Білім алушылардың бейәлеуметтік мінез-құлқының алдын-алу;
- Мұғалімдерді аттестаттауда әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу;
- Әдістемелік бірлестіктер мен педагогикалық кеңестің жұмысына ықпал ету.

V. Ұйымдастыру - әдістемелік бағыттар

Мақсаты:

- Педагог-психологтың және кең көлемде талап етілетін мамандардың кәсіптік құзиреттілігі, функционалдық міндеттері шеңберінен шығатын проблемаларды шешу бойынша (дефектологтар, логопедтер, балалар инспекторы, әлеуметтік педагог т.б. аралас-мамандармен жұмыс жүргізу)
- Әлеуметтік-медициналық-психологиялық қызметтер туралы деректер банкін қалыптастыру;
- Аралас-мамандармен және шұғыл жағдайда көмек көрсету бойынша мүдделі органдармен өзара әрекет нәтижелерінің мониторингін жүргізу.

Психодиагностикалық бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы төмендегідей:

Күні: қыркүйек

Зерттелуші сынып: 1

Жұмыс түрі: суреттік тест

Тақырыбы: **К. Йирасек тесті**

Мақсаты: мектептегі оқуға дайындық деңгейін анықтау.

Қатынасты: 14 оқушы

Қорытынды: сыныптың жауап парағы қаралып, әр балаға интерпретация жазылды. Жалпы сыныптың мектептегі оқуға дайындық деңгейі қалыпты. 1 оқушының оқуға деген деңгейі орташа көрсеткішті көрсетті.

Зерттелуші сынып: 1 сынып

Жұмыс түрі: проективті тест

Тақырыбы: Жануарлар мектебі

Мақсаты: Мектепке оқушылардың бейімделуін диагностикалау

Нәтижелерді өңдеу және талдау

1. Суреттің парақ бетінде орналасуы

Суреттің қағаздың жоғары жағына орналасуы өзін жоғары бағалаушылықты және Суреттің төменгі жағында орналаса өз-өзіне сенбеушілікті білдіреді. Егер сурет ортада бейнеленсе, онда балада барлығы қалыпты.

Зерттелуші сынып: 1

Тақырыбы: «Ұғымдағы объектілердің ұқсастығы мен айырмашылығын айқындау» әдістеме

Мерзімі: 22.09.2023ж.

Сыныбы: 1

Қатысқаны: 14

Мақсаты: Балалардың ойлау операцияларын дамыту

Нәтижені өңдеу:

Қандай да бір зат немесе құбылыс аталады, мысалы «тік ұшақ». Осы затқа әртүрлі мәндік белгілер бойынша ұқсас заттарды көбірек атау қажет және бұл аналогтарды әрбір заттың қандай қасиеттері бойынша таңдалғанын ескеріп, топтастыруға болады. Мысалы: «құс» пен «көбелекті» атасақ, (ұшады және қонады) «автобус» «поезд» (көлік құралдары) «ат» немесе «ит» қайсысы үлкен, қайсысы кіші, «жарық» «қараңғы» десек (түнде қараңғы, күндіз жарық), «шие», «алма», «алмұрт», «өрік» бұлар не? (жемістер), кішкентай «сиыр» бұл бұзау, кішкентай «ит» бұл күшік, кішкентай «қой» бұл «қозы» дегенді білдіреді. Балалар осы айтылған сөздердің айырмашылығын тауып берді. Қойылған сұрақтың мағынасына сай жауаптар да дұрыс болып есептелінді. Арасында шатасулар кездесті. Баланың сұрақты дұрыс түсінгеніне көз жеткіздік.

Зерттелуші сынып: 8-11

Тақырыбы: «Ресурс» тест

Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы мінез-құлықтың алдын алу жұмыстарын анықтау

Нәтижесінде: 8-11 сынып оқушылары қатысты. Барлығы психикалық нормада көрсеткішің көрсетті.

Зерттелуші сынып: 5 сынып, 8 сынып

Тақырыбы: «Штур» әдістемесі

Мақсаты: ЕББҚ оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейін анықтау

Нәтижесінде:

Зерттелуші сынып: 5 сынып

Тақырыбы: «Социометрия» сауалнама


Мақсаты: Сынып мүшелері арасындағы өзара эмоционалдық қатынасты (симпатия, антипатия) анықтап, сыныптың белгілі-бір мүшесінің топтық жағдайын анықтау

Нәтижесінде:

Зерттелушілер саны: 19 оқушы

Психодиагностикаға қатысқан бала: 19 оқушы.

Бағалау нәтижесі және қорытындысы:



Шешімі/қорытынды:Сауалнама нәтижесінде оқушылардың мектепке, мұғалімге деген көзқарасы қанағаттанарлық дәрежеде көрінді. Оқу мотивациясы қалыпты, мектепке ынтамен келеді. Жоғары деңгей- 13 оқушы, орта деңгей және ішкі мотивация- 6 оқушы, төмен деңгейдегі яғни, мектепке теріс көзқарасты, пассивті оқушы жоқ.Жоғарғы пайыз бойынша оқушылардың 100%-ы мектеп ұнайтынын және қуанышпен баратындығын көрсеткен.

Жасөспірімдер арасындағы жыныстық қатынастың алдын алу қыздарға сауалнама.

Зерттелуші сынып: 7-8 сынып қыздары

Тақырыбы: «Адамгершілік және жыныстық тәрбие туралы» сауалнама

Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы жыныстық қатынастың алдын алу

Нәтижелерді өңдеу және талдау:

1. «Қыз балалардың бойында қандай қасиеттер болуы мүмкін?» деген сұраққа сұлулық, ұқыптылық, әдептілік, мәдениеттілік, мейірімділік, нәзіктік сияқты қасиеттерді атап көрсетті.
2. Өзіңді ұстау ережелерін білесің бе? (қонақта, театрда, сабақта, спорт залда, асханада) – қандай ортада болмасын ұқыптылыққа, мәдениетке, тәртіпке бағынуды керектігін жазғандарын көруге болады.
3. Сен киіну мәдениетіне мән бересің бе? Деген сұраққа қыздар баратын жерге байланысты киіну мәдениетін ұстану керектігін атап көрсетті.
4. Инабаттылық, әдемілік, әсемдік туралы қандай көркем шығармаларды білесің? Көпшілік қыздардың көркем шығармаларды білмейтіндерін жазған.
5. Қазіргі замандағы қыздар тәрбиесінің ақсап бара жатыр дегеніне келісесің бе? – қазіргі кезде қыз балалардың ашық шашық киінуі, дөрекі сөйлеу көп кездеседі деген пікірде.
6. «Қыз қылығымен дегенді қалай түсінесің? Қыз бала қылықты, жүріс тұрысы, сөйлеуі дұрыс болып жүру, қылығымен ерке болса деген пікірде.
7. «Қызға қырық үйден тыю» деген сөз қандай мағына береді? Қыз бала өзін жан жақты дұрыс ұстау, көшеге шықпау, бөтен ерлермен сөйлеспеу керек, ата ананы тыңдау деп түсінгендерін жазды.
8. «Жаман әдеттерге нені жатқызар едіңіз?» - әдепсіздік, қатты сөйлеу, тәкаппарлық, ашушыңдық қасиеттер деп жазған.
9. Ерте жастан есею дегенді қалай түсінесіңдер? Өзін үлкен қыздар сияқты ұстау, кешке көшеге еркі шығу, жігіттермен жүру сияқты өрескел қылықтарды ашып жазғандарын көруге болады.
10. Сабақ оқығаннан гөрі, көшеде жүрген дұрыс па?
11. Ерте жастан жігітпен достасуға болама? Барлығы жоқ деген жауапты белгілеген.
12. Ата-анаң сенің досыңның бар екенін біле ме? – жас ерекшеліктеріне сай дос дегенді қыз баламен дос болуға болады, ер баламен достық жоқ деген түсінікте.

13. Неліктен сен дәл қазір дос таңдадың? Ер баламен дос еместерін ашық жазған.

14. Саған ерте емес пе? Ер баламен дос болу ерте деген пікірде.

15. Анаң сен ұнатқан нәрсені жасауға тыйым салса сен не істер едің? Мыс: Көшеге шығармау, т.б. Қыздар жөнінде ой толғау. Ата-ананы тыңдау керектігін, көшеге шығу, дөрекі сөйлеуден аулақ болу керек екендерін жазған.

Зерттелуші сынып: 9-11 сынып

Тақырыбы: «Ерте жүктіліктің қауіпі қандай?» сауалнама

Мақсаты: **Мақсаты: Жасөспірімдер арасындағы жыныстық қатынастың алдын алу**

Нәтижелерді өңдеу және талдау

1. Сен ата-анаңмен жыныстық жетілу және жыныстық қатынас туралы сөйлестіңіз бе?

А) Иә -50%

Ә) Жоқ-50%

Б) Өз жауабың

2. Жасөспірім қыздарды жыныстық қатынасқа ерте түсуге не итермелейді?

А) Мода

Ә) Күштеп мәжбүрлеу-50%

Б) Өзін тәуелсіз, еркін сезіну үшін

В) Тыйым салғанға қарамастан әрекет ету-20%

Г) Құрбыларының ықпалы

Д) Жасөспірімдік ғашықтық сезім -30%

3. Ерте жүктілік туралы білесің бе?

А) Иә-55%

Ә) Жоқ-35%

Б) Білмеймін-10%

4. Төменде көрсетілген жас аралықтарының қайсысы ерте жүктілікке жатады?

А) 14-16 жас- 100%

Б) 17-18 жас

В) 19-20 жас

5. Ерте жүктілік қауіпті ме?

А) Иә-40%

Ә) Жоқ

Б) Білмеймін-60%

В) Өз

жауабың _____

6. Жыныстық қатынасқа түскенде ерте жүктіліктен қалай сақтануға болатынын білесің бе?

- А) Иә
- Ә) Жоқ-60%
- Б) Білмеймін-40%
- В) Өз жауабым _____

7. Жүктілік кезінде болатын белгілерді білесің бе?

- А) Иә-40%
- Ә) Жоқ-40%
- Б) Білмеймін-20%

8. Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы бұл жыныстық тәрбие туралы білімнің жеткіліксіз болуынан деп есептейсің бе?

- А) Иә
- Ә) Жоқ-40%
- Б) Білмеймін-60%

9. Жыныстық қатынас арқылы берілетін қандай жұқпалы ауруларды білесің?

ИЯ- 30%

ЖОҚ-70%

Зерттелуші сынып: 5 сынып

Тақырыбы: «Күлте» әдістемесі

Мақсаты: Пәнге қызығушылығын анықтау

Нұсқау: Түймедағы гүлінің суретін сал. Өр күлтешелеріне өтетін сабақтарыңды жаз».

1. Ең қызықты өтетін сабақты қызыл түспен боя.
2. Сабақ оқуға қиын көк түспен боя.
3. Қызықсыз өтетін пәнді сары түспен боя.
4. Саған ұнамайтын пәнді қара түспен боя.

Оқушылар түймедақ гүлінің суретін салды. Өр күлтешеге өздерінің ұнайтын пәндерін салып, бояп шықты.

Зерттелуші: педагогтер

Тақырыбы: Сыныптардағы аутодеструктивті мінез – құлық танытатын оқушыларды анықтау

Нәтижесінде: Мектеп бойынша 5-11 сыныптары бойынша 9 сынып комплектісі бар.

5-11 сынып жетекшілері 9 сұрақтан тұратын сауалнамаға жауап берді. Соның ішінде сауалнамаға жауап беру барысында сыныптағы оқушылар арасынан тәртібі қиын, аутодеструктивті мінез-құлыққа бейім оқушылар анықтауда сауалнама жүргізілді. Сынып жетекшілер тарапынан оқушыларға үнемі түзету, алдын алу жұмыстары жүргізілетіндігін сауалнама барысында көрсетті.

Түзетушілік-дамытушылық бағыт бойынша жүргізілген жұмыстар қорытындысы төмендегідей:

Өгей әкемен тұратын, сәтсіз отбасы балалары, қамқоршылықтағы оқушылармен «Менің ерекшеліктерім» тренингі жүргізілді. **Мақсаты:** Оқушылардың бір бірімен қарым қатынасын жақсарту, оларды адамгершілікке, шындыққа, достыққа, тәрбиелікке үйрету

Нәтижесінде:

Оқушылар шеңбер бойынша амандасып, жұмылған көзімен бір бірінің сәлемін қабылдайды. Ең алдымен тренинг ережесімен таныстырып алып, топтың жұмыс істеуін қадағалаймын. Топтың эмоционалдық жағдайын бақылап, психологиялық көмек көрсетіліп отырылды. «Менің тренингтік есімім» жаттығуы, «Мен қандай адаммын?» жаттығуы, «Менің мақсатым» жаттығуы, «Менің қиыншылықтарым» жаттығуы, «Есте қалған қызықты оқиға» жаттығуы, «Ұқсастық шегі» жаттығуы, «Мен саған сенемін» жаттығуы жүргізілді. Әр ойынның ережесімен танысып, алдына қойған мақсатын айтып, сол мақсатты қалай іске асырудың жолдарын түсіндіру керек. Оқушылар ашық және әділ жауап беріп отырылды. Бір-бірімен жақсы қарым- қатынаста болды. Төмендегі сұрақтар бойынша бланк берілді. Осы жаттығу сұрақтарына жауап беріп, бүгінгі тренингті қорытындылады. Тренингке оқушылардың көңіл күйлері көтерілді.

1-ші сынып оқушыларының бейімделуіне бағытталған түзету-дамыту сабақтары: Арт терапия, Ертегі терапиясы жүргізілді. **Мақсаты:**

Балалардың ертегіге қызығушылығын ояту. Олардың қиял, қабілетін жетілдіру.

Нәтижесінде:

Саналы, өскелең ұрпақ тәрбиелеу әрбір педагогтың міндеті. Балалардың ой өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарын молайтуға еңбектері орасан зор. Балаларды жан жақты дамыту кезінде ертегінің алатын ролі өте зор. Ертегі- қай халықтың фольклорында да ертеден келе жатқан көне жанрлардың бірі. Ол ұрпақтан ұрпаққа тараған мол мұра. Ертегіден халқымыздың ертеңге деген сенімі, арман тілегін, қиялын, даналығын көреміз. Ертегінің қай түрін алсақ та ол баланың ой қиялын ұштайды.

1 сынып оқушыларына «Бауырсақ» ертегісі оқып берілді. Ондағы ертегі кейіпкерлерімен танысып, ролдік ойындар ойнатылды. Ертегідегі жағымды жағымсыз кейіпкерлерді анықтауда бірнеше сұрақтар қойылды.

Қорытындысында балалар өз ойларымен бөлісіп, ертегі кейіпкерлерінің жағымды, жағымсыз қылықтарын айтты. Өздеріне ұнаған кейіпкерлерін атап өтті.

Ағартушылық – психопрофилактикалық бағыт бойынша атқарылған жұмыстар есебі:

Қатысқандар: 1-11 сынып ата-аналары

Тақырыбы: «Аутодеструктивті мінез-құлық, буллинг, кибербуллингті

болдырмаудың алдын алуда ата-ананың ролі» презентация

«Аутодеструктивті мінез құлық, буллинг, кибербуллингті болдырмаудың

алдын алуда ата-ананың ролі» туралы сөз алды. Жасөспірімдер арасындағы

қылмыстың басты себебі ата ананың баланың оқуы мен тәрбиесіне төмен жауапкершілігінен болатынын айтты. Кибербуллинг адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі месенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Ғаламтордағы қауіп қатермен күресте ата ананың ролі маңызды. Сондықтан ата аналарға балаларына интернеттегі қауіп туралы айтып, мінезіндегі кез келген өзгерісті бақылау ұсынылды.

Қатысқаны: 8-11 сынып

Тақырыбы: Буллинг, кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Кибербуллинг адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі месенджерлерге қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Кибербуллинг жасайтындардың арасынан педофилдер көп кездеседі. Олар балаларды алдап арбап, желіге жалаңаш түскен видео не суреттерін жұртқа жария етемін деп қоқан локқы жасау арқылы кездесуге шақырады не ақша бопсалайды. Ал қысымға шыдамай, шарасыз күйге түскендері көп жағдайда өзіне қол салады. Буллинг ағылшын тілінен аударғанда қорлау, қудалау, мазалау дегенді білдіреді. Буллинг жасаушы мұны күшпен де, сөзбен кемсіту арқылы да жасайды. Осы күні ғаламторда баланың өз өзіне, жақындарына, туыстарына қол жұмсауына итермелейтін ойындар да аз емес. Буллингке ұшыраған адам үмітсіздік пен шарасыздық күйге түседі. Қорыта келе, балаларға «Буллинг» деген не? және «Кибербуллинг» туралы видеороликтер көрсетіп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қатысқандар: 7-11 сынып

Тақырыбы: «Буллинг және кибербуллингтен қалай қорғанамыз?»

Мақсаты: «Интернет желісіндегі шабуыл және одан қорғану. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасындағы әлімжеттік және бопсалаудың алдын – алу» бойынша түсінік беру

Қатысқандар: ДТЖО, мектеп психологы, сынып тәрбиешілер, 7-11 сынып оқушылары.

Нәтижесі: Психологиялық кеңес барысында мектеп оқушыларына «Кибербуллинг туралы біз не білеміз?» «Буллинг кибербуллингтен қалай қорғанамыз?» туралы айтты. *Буллинг дегеніміз – әлеуметтік желі арқылы танысу арқылы қорқыту, зорлық көрсету, психологиялық шабуыл жасау, түрлі суреттер сұрау арқылы ақша талап ету, әсіресе кәмелеттік жасқа толмаған оқушыларға қауіпті екендігін түсіндіріп*

айтты. **Мәселен:** Қарым – қатынаста, физикалық, жыныстық қатынас, экономикалық – материалдық буллинг пен вербальді сияқты түрлерін атап өтті. Буллингке ұшыраған адамды – **АНТИБУЛЛИНГ** деп атайтынын да ескертті. **Кибербуллингтің құрбандары:** ұялшақ, сезімтал, тұйық, ашуланшақ, мазасыз, өзіне сенімді емес, бақытсыз, депрессияға бейім тұратын адамдар ұшырайтынын ескертті.

Кибербуллинг – дегеніміз адамды интернетте, мысалы әлеуметтік желілерде қорлау немесе қудалау екендігі де ескерілді. Буллингтер қудалау, қорқыту үшін қолданатын әртүрлі сылтаулары, буллинг белгілері мен сипаттамасы қандай екендігі туралы, неліктен адамдар бұлай істейтіндігі туралы, егер оқушылар арасында кибербуллингке тап болса, не істеу керек екендігі туралы немесе басқа танысы кибербуллингке ұшыраса, не істеу керек екендігі туралы, оқушылар арасында басқа біреуді онлайн қорласа не болатындығы және кибербуллингтің алдын – алу бойынша кеңес берілді.

Консультациялық бағыт бойынша атқарылған жұмыстар:

Қатысқандар: 1 сынып ата-аналары

Тақырыбы: «Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлық мәселелері»

Ата-аналармен «Баланың мектепте оқуға психологиялық даярлық мәселелері» тақырыбында баяндама оқылды. Баяндамашы мектеп психологы Найзабекова Меруерт баланың мектептегі оқуды табысты бастауы үшін қажетті психикалық сапалар кешені мектепке психологиялық даярлық мазмұнын құрайды. Ол баланың мектептегі оқу әрекетіне жағымды қатынасынан, мінез-құлық ырықтылығының барынша жоғары деңгейінен білім, іскерлік, дағдыларының белгілі бір қоры мен таным процестерінің дамуынан, сондай-ақ үлкендермен және құрдастарымен өзара қарым-қатынас орнатуынан, ұжым өміріне араласып кетуінен, бірлескен әрекетті орындауды қамтамасыз ететін сапалардың қалыптасуынан тұрады. Мектептегі оқудың психологиялық даярлық мәселесіне арналған зерттеулерде, мектептегі оқу мазмұны мен шарттарына баланың психикалық дамуының сәйкестігі қарастырылады. Мектепте психологиялық даярлық бір жағынан, организм мен психика дамуының генетикалық бағдарламасымен анықталса, екінші жағынан, баланың жеке тәжірибесі мен білім қорымен өлшенетіндігі айтылды.

Қатысқандар: 1-11 сынып ата-аналары

«Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу» тақырыбында ата-аналардың жасөспірімдердің өтпелі кезеңіндегі қиындықтардың алдын алу жұмыстарымен таныстыру.

Нәтижесінде: мектеп психологы М.Найзабекова кеңесе отырып бала тәрбиесіне қатысты ата-аналарға арналған бірнеше кеңесті ұсынады. Баланы тәрбиелеу мақсатында оны ешқашан өзге біреумен салыстырмаңыз. Не болмаса «біз кезінде осылай жасағанбыз» деген сынды «міндетсінетін» сөздерді пайдаланбаңыз. Бұл ой өрісі енді ғана дамып келе жатқан баланың

алға қойған мақсаттарына жетуіне кедергі болады. Тіпті «бұл менің қолымнан келмейді» деген ой пайда болып ойлаған істі сол қалпында тастап қоюға әкеліп соғады. Балаңызбен әңгімелесу нәтижелі болуы үшін, ең алдымен ашық жарқын сенімге құрылған риясыз әдісті таңдаңыз. Көңіл күйдің нашарлығы бала тәрбиесінде кері әсер ететінін естен шығармаңыз. Отбасында бір тәрбиелеуші қатал болған жағдайда міндетті түрде екінші біреу жұмсақтық танытуы қажет. Бұл баланың психологиялық дамуына, тікелей әсер етеді. Ата-ананың сөзі қатал естілуі мүмкін, алайда зілді, өрескел болмауы тиіс. Не болмаса бір мезетте қатал да мейірімді болуды үйреніңіз. Егер сіз балаңызға деген ыстық ықыласыңызды үнемі білдіре отырып, тек керек уақытында ғана ұрсатын болсаңыз, онда бұл сіздің тәрбиеніз барысында міндетті түрде жемісін береді. Балаңыз үшін керек уақытта қажетті ақыл қосатын, оның қадамдарын айыптамайтын ең жақын досына айналыңыз. Эмоциялық жағдайларға бақылау жасау. Өмірдің мәнін ұғындыратын дұрыс таңдау жасауға, әлеуметтік және жеке адамның тәжірибелерін кеңейтуге бағытталған жұмыстар жүргізу. Отбасында баламен оның дәрежесін төмен сезінуге ықпал ететіндей қарым-қатынас жасамау, әрдайым баламен пікір алмасып оның қоғамда өзіндік орынын қалыптастыруға септігін тигізу. Олардың құқықтары мен жауапкершіліктерінің аясын кеңейту.

Ұйымдастыру- әдістемелік бағыт бойынша атқарылған жұмыстар:

1-І сынып ата-аналарымен психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу (№377 бұйрығына сәйкес) бойынша келісім алынды. Мектептегі «Сенім жәшігін», «Сенім телефонын» ұйымдастыру жұмыстары үнемі жұмыс жүргізіліп отырады.

Психолог: *М.Найзабекова* М.Найзабекова